Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика комитеті Төрағасының
2020 жылғы «10» ақпандағы
№ 21 бұйрығына 31 – қосымша
Приложение 31 к приказу
Председателя Комитета по статистике Министерства
национальной экономики Республики Казахстан
от «10» февраля 2020 года № 21

«Ауыл шаруашылығы қызметтерін көрсету туралы» (индексі 8-сх (қызмет көрсету), кезеңділігі үш жылда бір рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық
Инструкция по заполнению статистической формы общегосударственного статистического наблюдения «Об оказании сельскохозяйственных услуг» (индекс 8-сх (услуги), периодичность один раз в три года)

1. Осы «Ауыл шаруашылығы қызметтерін көрсету туралы» (индексі 8-сх (қызмет көрсету), кезеңділігі үш жылда бір рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді (бұдан әрі – Заң) және «Ауыл шаруашылығы қызметтерін көрсету туралы» (индексі 8-сх (қызмет көрсету), кезеңділігі үш жылда бір рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды. 2. Осы Нұсқаулықта Заңда белгіленген мағынадағы ұғымдар, сондай-ақ мынадай анықтамалар пайдаланады: 1) көрсетілген қызметтер көлемі – кәсіпорындардан, мекемелерден халықтан оларға көрсетілген қызмет үшін төлеуге түскен қаражаттың мөлшеріндегі көрсетілген қызметтің құны болып табылады; 2) көрсетілетін қызметтер – адамның немесе тұтастай қоғамның қандай да бір қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, тұтынушылардың тапсырысы бойынша өндірушілер жүзеге асыратын және осы көрсетілетін қызметтерді тұтынатын бірліктердің жай-күйінің өзгеруіне әкелетін қызмет; 3) қызметтің басқа да түрлері – ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығындағы қызметтерден басқа, респондент жүзеге асырған қызмет түрлері. 3. Егер ауыл шаруашылығы салаларындағы қызметтер бірнеше аудандар немесе облыстар аумағында жүзеге асырылса, әр аумақ бойынша ауыл шаруашылығының көрсетілетін қызметтерінің нақты жүзеге асырылған орны бойынша сипаттайтын ақпаратты бөліп көрсете отырып, статистикалық нысанды жеке бланкілерде ұсынады.	1. Настоящая инструкция по заполнению статистической формы общегосударственного статистического наблюдения «Об оказании сельскохозяйственных услуг» (индекс 8-сх (услуги), периодичность один раз в три года) (далее – Инструкция) разработана в соответствии с подпунктом 8) статьи 12 Закона Республики Казахстан от 19 марта 2010 года «О государственной статистике» (далее – Закон) и детализирует заполнение статистической формы общегосударственного статистического наблюдения «Об оказании сельскохозяйственных услуг» (индекс 8-сх (услуги), периодичность один раз в три года) (далее – статистическая форма). 2. В настоящей Инструкции используются понятия в значениях, определенных в Законе, а также следующие определения: 1) объем оказанных услуг – представляет собой стоимость оказанных услуг в размере средств, поступивших от предприятий, учреждений, населения в уплату за оказанные им услуги; 2) услуги – деятельность, направленная на удовлетворение каких-либо потребностей человека или общества в целом, осуществляемая производителями по заказу потребителей и ведущая к изменению состояния единиц, потребляющих эти услуги; 3) другие виды деятельности – виды деятельности, которые респондент осуществлял помимо деятельности в сельском, лесном, охотничьем и рыбном хозяйстве. 3. Если услуги в области сельского хозяйства оказывались на территории нескольких районов или областей, представляют статистическую форму на отдельных бланках, выделяя информацию по каждой территории, отражающую по

Заңды тұлға құрылымдық бөлімшеге статистикалық нысанды тапсыру бойынша заңды тұлғаның өкілеттіктерін берген кезде, осы статистикалық нысанды өзінің орналасқан жері бойынша аумақтық статистика органдарына тапсырады. 4. 2-бөлімде ауыл шаруашылығы саласында көрсетілген қызметтердің көлемі ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) статистикалық жіктеуішіне сәйкес олардың түрлерінің бөлінісінде көрсетіледі. 5. 3-бөлімде кәсіпорын есепті жылы жүзеге асырған немесе көрсеткен қызметтің басқа түрлері бойынша өндірілген өнімдер (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) көлемі көрсетіледі. 6. Деректер өндірілген өнімнің (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің) көлемі көрсетілетін бухгалтерлік есепке алу құжаттарының негізінде толтырылады. 7. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылған «Деректерді он-лайн режимде жинау» (https://cabinet.stat.gov.kz/) ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.	месту фактического осуществления сельскохозяйственных услуг. При делегировании полномочий юридическим лицом по сдаче статистической формы структурному подразделению юридического лица, данная статистическая форма представляется по месту своего нахождения в территориальные органы статистики. 4. В разделе 2 указывается объем оказанных услуг в области сельского хозяйства в разрезе их видов в соответствии со статистическим справочником продукции (услуг) сельского, лесного и рыбного хозяйства. 5. В разделе 3 указывается объем произведенной продукции (товаров, услуг) по другим видам деятельности, которые осуществлялись или оказывались предприятием в отчетном году. 6. Данные заполняются на основании документов бухгалтерского учета, отражающих объемы произведенной продукции (работ, услуг). 7. Представление данной статистической формы осуществляется на бумажном носителе или в электронном виде. Заполнение статистической формы в электронном виде осуществляется посредством информационной системы «Сбор данных в режиме он-лайн», размещенной на интернет-ресурсе Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан (https://cabinet.stat.gov.kz/).